

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің жұмысы туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 12 желтоқсан N 1400. Қаулының мәтінінен сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. ~P961031 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің қызметін тексерудің нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы ұсынған материалдарды қарай келіп және қаржы мен материалдық ресурстардың пайдаланылуын ретке келтіру мен сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне өнім берушілер тауармен қамтамасыз ете алмаған қаржы қаражатын шартта айтылған айыппұл санкцияларын көрсете отырып өтеу жөнінде шұғыл шаралар қолдану міндеттелсін.

Мұнан былай кәсіпорындар мен ұйымдардың материалдық ресурстарды уақтылы беру жөніндегі мүмкіндіктері тереңірек зерделенетін болсын, негізінен делдалдарды аттап өтіп, оларға тікелей шығу жүзеге асырылсын, жасалған шарттың қағидаларын қатаң сақтауға қол жеткізілсін, кінәлілерге экономикалық әрі сот тұрғысынан ықпал етудің заңда белгіленген шаралары толығырақ пайдаланылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің тауар-материал игіліктерінің қозғалысының есептелуіне және қаржы есебіне жан-жақты талдау жасасын, мемлекеттік және жұмылдыру резервтерін толықтыруға жол берілмесін, олардың мақсаткерлікпен пайдаланылуы қатаң қадағалансын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, басқада мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, екі ай мерзімде комитет, мемлекеттік және жұмылдыру резервтері туралы Ережені, сондай-ақ Мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінің тауарлары мен материалдары үшін есеп айырысудың тәртібі туралы Нұсқауды

жетілдіру жөніндегі мәселелерді пысықтайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер

жөніндегі комитеттің төрағасы Ғ.М.Мырзағалиевтің жұмысы жөніндегі оның зейнеткерлікке кетуіне байланысты талқылаумен шектелсін.

Әшкереленген тәртіп бұзушылығы үшін Ғ.М.Мырзағалиевтің жауапкершілік мәселесін құқық қорғау органдары заңда белгіленген тәртіппен шешетін болсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Экономикалық жинақтау бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі